

Біржолғы талондар құны туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2009 жылғы 20 ақпандағы N 18/184-4с шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 24 наурызда N 14-1-90 тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қалалық мәслихатының 2009 жылғы 20 ақпандағы № 18/184-4с Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қалалық мәслихатының 2009.02.20 № 18/184-4с Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36-бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына сәйкес, қалалық м ә с л и х а т

Ш Е Ш Т І :

1. Қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда) жеке тұлғалар үшін және Шымкент қаласының базарларында (базар аумағындағы дүңгіршіктердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда), тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондар құны 1 және 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Біржолғы талондар құны туралы" қалалық мәслихаттың 2007 жылдың 22 қазандағы N 4/22-4с шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 14-1-62 тіркелген, 2007 жылдың 2 қарашасында "Шымкент келбеті", "Панорама Шымкента" газеттерінде жарияланған) 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшін жойды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткенде қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 қаңтарынан бастап күші жойылады.

Қалалық мәслихат сессиясының төрағасы Л. Бектұров

Қалалық мәслихат хатшысы

Н. Джарболов

Шымкент қалалық мәслихатының
 2009 жылғы 20 ақпандағы
 N 18/184-4с шешіміне 1-қосымша

Шымкент қаласы бойынша қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын жеке тұлғалар үшін біржолғы талондар құны

| N p/c | | Біржолғы талон құны (теңге) |
|-------|---|-----------------------------|
| 1. | Сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда): | |
| 1) | газеттер мен журналдар | 100 |
| 2) | тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет) | 100 |
| 3) | бақша дақылдарын | 200 |
| 4) | саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді | 50 |
| 5) | ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдерін | 100 |
| 6) | жануарлар мен құстардың жемдерін | 120 |
| 7) | сыпыртқылар, сыпырғылар, орман жидегін, бал, саңырауқұлақ және балық | 120 |
| 2. | Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметін | 300 |
| 3. | Үй жануарлары мен құстарын бағу | 100 |

Шымкент қалалық мәслихатының
 2009 жылғы 20 ақпандағы
 N 18/184-4с шешіміне 2-қосымша

Шымкент қаласының базарларында тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер, заңды тұлғалар үшін біржолғы талондар құны

| N p/c | Тауар, жұмыс және қызмет атаулары | Әр сатушының алатын сауда алаңы | Біржолғы талон құны (теңге) |
|-------|--|---------------------------------|-----------------------------|
| 1. | Базарлар аумағындағы (дүңгіршіктердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда) сату: | | |
| 1) | ұн, нан және нан тағамдары, кондитерлік тағамдары | 1 шаршы метрден | 100 |
| 2) | ет және ет өнімдері | 1 шаршы метрден | 200 |
| 3) | сүт және сүт өнімдері | 1 шаршы метрден | 100 |

| | | | |
|-----|--|----------------------|-----|
| 4) | көкөніс, жеміс-жидектер | 1 шаршы метрге дейін | 100 |
| 5) | құрғақ жемістер, бал | 2 шаршы метрге дейін | 300 |
| 6) | киімдер, мата, бас киімдер, аяқ киімдер, теріден жасалған бұйымдар | 2 шаршы метрге дейін | 200 |
| 7) | аудио-видеоаппаратуралар | 2 шаршы метрге дейін | 200 |
| 8) | кеңсе тауарлары, парфюмерия | 1 шаршы метрден | 150 |
| 9) | жеңіл автокөліктер | 1 кіріп шыққанына | 300 |
| 10) | автобустар | 1 кіріп шыққанына | 400 |
| 11) | мото-велотехникасы | 1 кіріп шыққанына | 250 |
| 12) | ірі қара мал, жылқы, түйе | 1 бас | 200 |
| 13) | қой, саулық, ешкі, қозы | 1 бас | 150 |
| 14) | құс және үй жануарлары | 1 шаршы метрден | 150 |
| 15) | жем, шөп | 2 шаршы метрге дейін | 200 |
| 16) | құрылыс материалдары | 3 шаршы метрге дейін | 250 |
| 17) | гүлдер | 1 шаршы метрден | 150 |
| 18) | аяқ киім тігу, жөндеу және тұрмыстық қызметтер | 2 шаршы метрге дейін | 100 |
| 19) | ұсақ-түйек тауарлар | 1 шаршы метрден | 100 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК